

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДАМУ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

**ИНСПЕКЦИЯЛЫҚ
КЕҢЕС**

1818 Н көшесі, Норст-Вест
Вашингтон, 20433
АҚШ

Телефон (202)458-5200
Факс : (202) 522-0916
эл. пошта: ipanel@worldbank.org

ИНСПЕКЦИЯ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ СҰРАНЫМ 10/04

2010 жылдың 29 сәуірі

ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Мәселе: Инспекция өткізу туралы сұраным

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ: Оңтүстік шығыс жолдар: Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі (ОАӨЭЫ) - 1b және 6b)(ХҚҚДБ № 7681-KZ Қарыз)

2010 жылдың 5 ақпанында Инспекциялық Кеңеске (Кеңес) Қазақстанға жататын Оңтүстік-Батыс жолдары: Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәлізді инспекциялау туралы сұраным түсті. Оңтүстік Қазақстан облысы¹, Түркістан қаласына қарасты Қарашық селолық округінің Бірлік мекенінің екі тұрғынынан түскен бастапқы (бірінші) сұраным кейіннен сол мекеннің 45 отбасысыларынан жекелей түскен сұранымдарымен толықты. Сұранымдардың көшірмелері Банк басшыларына жіберілді. 2010 жылдың 28 ақпанында Кеңес бастапқы жүгінушілердің кейбіреулерінен берген сұранымдарын “қайтарып беру” туралы хабар алып, олардың да көшірмелерін банк басшыларына жолдады².

2010 жылдың 10 наурызында 8 сәуірі мен 24 сәуірлерінде Кеңес жекелеген тұлғалардан бірінші сұраптамаға қосылатыны туралы жазбаша мәлімдеме алды³. Олар Түркістан қаласының тұрғындары. Олар да бастапқы инспекциялау туралы сұраптамада көтерілген мән-жәйға жүгінеді, онымен қатар Түркістан қаласына байланысты мәселелерге сілтеме жасап, Кеңестен бұл сұрақ бойынша тексеру жүргізуін сұрайды. Оған қоса, олар Кеңестен өздерінің жеке бестары мен Кеңеспен қарымқатынастары туралы ақпараттарды құпия ұстауды сұрайды. Бірінші Сұранымның талаптарына қосылатын және қуаттайтын осы тікелей байланыстар Инспекция туралы сұранымды тіркеуге негіз болып

¹ Ресейде және бұрынғы КСРО да әкімшілік және аумақтық бөлім

² Кеңес Іс-Қимыл Ережесінің 8 параграфына сәйкес бұл жүгіеісті аударып, Сұранымның аудармасының нақтылығын тексерген уақыт ішінді Вашингтондағы Дүние Жүздік банк жабылып қалды²

³ Іс-Қимыл Ережесінің 19 параграфына көрсетілгеніндей Кеңестің тілегіне сәйкес, сұранымшылар Кеңеске қосымша ақпараттар берді.

отыр. Сұранымның басты мәселесі Жобаның Бірлік мекенін қоса отырып, Түркістан қаласымен өтуінде.

Жоба

Жобаның мақсаты Қызылорда және Ақтөбе облыстарының шекарасынан Шымкентке дейінгі автожол учаскелерінде көлік жұмысының тиімділігін арттыру, Қазақстанда автомобиль жолдарын басқаруды жетілдіру және автожол қозғалысының қауіпсіздік деңгейін арттыру болып табылады⁴. Жоба мынадай бес бөліктерден тұрады: 1) Қызылордадағы айналма жолды қоспағанда, Қызылорда облысындағы автожолдың учаскелеріне жаңғырту және қайта жаңарту; 2) Қызылорда мен Шымкенттегі айналма жолдарды қоса алғанда, Қызылорда облысының шекарасынан бастап дәліз бойындағы Оңтүстік Қазақстан облысындағы жолдардың учаскелерін жаңғырту және қайта жаңарту; 3) Жобаны іске асыруда ҚР Автомобиль жолдары комитетіне жәрдемдесуі үшін консалтингтік қызметтер көрсетуді қаржыландыру; 4) Жол қозғалысының қауіпсіздік деңгейін институционалдық дамыту және арттыру, әрі жол маңындағы сервисті дамыту 5) Жобаның 1-бөлігі және 2-бөлігі бойынша құрылыс жұмыстарына қадағалау жүргізу үшін консультациялық қызметтер көрсету. ХҚҚДБ (Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі) берген қарыз \$2 125 миллионды құрайды. Қарыз 2009жылдың 30 сәуірінде мақұлданып, жабылуы 2013 жылдың 31 желтоқсанына жоспарланған болатын.

ХҚҚДБ Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәліздің 1062 км. қаржыландыруын қамтиды. Дәліздің Қазақстан аумағындағы басқа бөліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі, Азия Даму Банкі, Ислам Даму банкі және Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі қаржыландырады.

Сұраным

Сұранымға сәйкес, Жоба олар тұратын Бірлік елді мекенінен өтетін жолдың бөлігін қаржыландырады. Сұранымның пікірінше бұл жол бөлігінің жобалануы (елді мекенге тым жақын болуына байланысты) келесідей қолайсыз зардаптар туғызады: i) түтін буынан, ластану мен шудан мекен тұрғындарының денсаулығына келетін зиян; ii) қоршаға ортаға, жекелей алғанда жүк тасыйтын машиналарың апат болуы мен жылдам тұтанатын және жарығыш заттардың жайылудан келетін зиян; iii) жүрістің көлемі мен жылдамдық қарқынының үрдуіне байланысты мектепке барарда және қайтарда жолды кесіп өтетін балаларға туатын қауіп; iv) дәліздің жекелеген тұрғын үйлер арқылы өту ықтималдығынан оларды мәжбүрлі көшіріуі.

Сұраным салушылардың мәлімдеуінше Түркістан қаласының ортасынан өтетін дәліздік қозғалыс келешекте анағұрлым ұлғаяды, соған байланысты, ол *“тұрғындарға экологиялық апат әкеледі”*. Олар: *“Дүние жүзі мұсылмандары үшін Түркістан екінші Мекке болып саналады. Қаланың келешекте қауіп-қатерленуі және мұсылман келушілерінің денсаулығына туатын қауіп, туризмнен игілік алып отырған қала бюджетіне, және де село тұрғындарына да келешекте қайтадан орны толмас залал әкеледі.”*

Өздерінің бір жүгінуінде Сұранымыншылар Кеңеске жергілікті биліктің мына уәделерін хабарлады: i) олардың үйлері иен жолдың арасына ағаш егу; ii) оладың балаларын мектепке барып қайтатын автобуспен қамтамасыз ету iii) үш жылдан бес жылға дейінгі уақытта Түркістанның сыртынан жаңа жол салу. Бұл уәделер кейбір

⁴ Жобаны бағалауға байланысты құжат

өтініш берушілер өздерінің бірінші сұранымдарын қайтып алуға алып келді, бірақ бұл үделердің жобада болмауына алаңдатушылық білдіруде.

Жобаны іске асыру жөніндегі Басшылықтың (Басшылық) іс-әрекеті

2010 жылдан 2 наурызында Басшылық Кеңеспен байланысқа шығып, жоба аумағында қадағалау жұмысын бітіргенін, жүгінуші азаматтармен жақын арада кездескенін хабарлады. Басшылықтың айтуынша, бірінші сұрау салуда көрсетілген көшіп-қону және қоршаған ортаға тиер әсерге байланысты өзіндік алаңдатуларды шешуде елеулі алға басу бар. Басшылықтың растауынша, Автомобиль жолдары комитеті⁵ мүдделі адамдармен өткен пікірталасқа қатысып, тұрғындардың мазасын жеңілдететін балама жоба ұсынды, ал ҚР Көлік және коммуникация министрлігі жергілікті басқару органдарына көшіп қонуға байланысты қызметті Банк қоныс аудару жоспарына қанағаттанға дейін тоқтата тұру туралы нұсқау берді. Оған қоса, Басшылық, Автомобиль жолдары комитетінің жобаланған жолдың маңындағы жерлерді сатып алуға және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне мүдделі тұлғалармен үзіліссіз сұхбаттасып туруға міндеттеме алғанын хабарлады.

Кейіннен келіп түскен хабарларда және Кеңестің мүшелерімен кездескенде Басшылық Автомобиль жолдары комитеті жобаны жүзеге асыруға әзірлік кезінде, одан соң 2009 жылы және соңғы рет 2010 жылдың ақпанында Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында бірнеше пікір алмасу кездесулер өткізген. Соңғы кездесу Түркістан қаласына баратын айналмалы жолды салуға байланысты тегістеу жүргізуге бұрыннан алаңдау білдірген Бірлік елді мекенінің тұрғындарымен болды. Басшылықтың және Автомобиль жолдары комитетінің дерекеріне сәйкес, осы сұхбаттардың және басқа жұмыстардың негізінде жобаның келбетіне жергілікті тұрғындардың пікірлерін еске алу шараларын қолданылмақ.

Келісілген арнайы шаралардың құрамына мыналар кіреді: а) жол шеттерін елді мекеннен алыстату мақсатында жолдың алғашқы бағытын үйлерден алысқа, темір жолға жақынға жылжыту және залал тиген меншікке бару үшін қосалқы жол салу; ә) шуға және шаңға қарсы кедергілер салу және жол мен елді мекен арасына ағаш егу; б) жаяу жүрушілерді бақылауға арналған бағдаршамдарға қосымша ретінде, аталған жолдан Бірлік елді мекеніне адамдар мен малдың қауіпсіз өтуі үшін жер асты өткелін салу; в) Жергілікті биліктің 2010 жылдың қыркүйегінен бастап жаңа оқу жылында мектеп автобусының қызметін ұсынуы; г) жобаның орындалуын бақылау мақсатында Автомобиль жолдары комитеті, Консультанттар жөніндегі басшылық және жергілікті тұрғындар өкілдерінен үш жақты кеңес дауысты Басқару комитетін белгілеу. Айтылғандарға қарамастан, Басшылық Кеңеске аталған Жобаға сәйкес, өтетін көлік қимылының үрдістеуіне байланысты Түркістан қаласында айналым жол салу туралы шара келісімде белгіленбегенін хабарлады.

Сұранымшылар қолданылған шаралар мен ізгі ниетті, олардың нәтижелерін бағалап отыр. Бірақ, олардың пікірінше, бұл шаралар Түркістан қаласындағы көлік үрдісінің жобаға байланысты ұлғайуына деген алаңдауларын тоқтата алмайды. Бұл тұрғыда, олар қарапайым есеп көрсеткендей, келешек екі жылда жобаламалы жолда көлік қозғалысының 3,5 есе көбейетінін атап көрсетеді. Осы тұрғыдан келе отырып, олар Жоба келбетін даярлау саясатының бұзылуын және болжамалы зияндарды есептей

⁵ Жобаны жүзеге асырушы орган

отырып, сұранымшылар өз талаптарына қайта оралып, Кеңеске өздердерінің Сұранымында жариялаған мәселелерді тексеру туралы өтініш етеді.

Жоғарыда қойылған талаптарда, басқалармен қоса, Банктің Операция Саясаты мен Іс- қыймылдар жүргізуінде мына мәселелерді орындамғаны туралы да жүгіністер болуы мүмкін:

ОП/БП 4.01 Экологиялық

ОП/БП 4.11 Мәдени мұраларды қорғау

ОП/БП 4.12 Мәжбүрлі көшіп қону

ОП/БП 13.05 Жобаны қадағалау

Дүниежүзілік Банктің ақпаратты жариялау саясаты, 2002, маусым.

Кеңестің Операциялық Іс-қимылдардың 17 параграфына сәйкес бұл сұранымды мен 2010 жылдың 29 сәуіріде Инспекциялық кеңестің регистрінде тіркедім, сондықтан аталған күн осы хабарламаның жіберілген күні екенін хабарлаймын.

Кеңестің тіркеуі әкімшілік іс-қимыл болып табылуына байланысты Инспекциялау туралы Сұранымды шын мәнінде шешу деп қаралмайтынын есіңізге алуыңызды сұраймын.

Кеңес бекіткен Қарардың 18 параграфында, *“Инспекциялық кеңестің екінші қарауы туралы Директорлар Кеңесінің қортындысының”* (1999 Түсіндірме) 2 және 8 параграфтарында және Операциялық іс-қимылдың 18(г) параграфтарында көрсетелгендей, Банк Басшылығы 2010 жылдың 28 мамырынан қалдырмай, жоғарыда көрсетілген Жоба Банк саясаты мен іс-қимылдарына сай қызмет атқарғанын немесе атқаруға талпынғанын көрсететін жазбаша дәлелдерімен Кеңесті қамтамасыз етуге тиіс. Басшылықтың сұранымға жауап беру міндеті Түсіндірменің 3 және 4 параграфтарына негізделген.

Басшылықтан жауап алған соң 1999 жылдың Түсіндірмесінде және Қарардың 19 параграфтарында көрсетілген тәртіп бойынша Кеңес *“Сұранымның Қарардың 12 және 14 параграфтарына сәйкестігін анықтап, Атқарушы Директорларға бұл істің тексеруге жататыны немесе жатпайтыны туралы ұсыныстар береді”*.

Инспекциялық Сұранымның Номері 10/04

Аса құрметпен

Роберто Лентон
Төраға

Роберт Б. Зеллик мырза
Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің
Президенті

Атқарушы Директорлар мен Альтернаттар